



«Алтын бесік 1» бөбекжай бағдарламасының  
меңгерушісі Бейсебаева А.Т. *Бекітемін*

# Әз Наурыз!

(ертенгілік)

«Ертөстік» тобы

2018-2019ж

Қасымжан С.О.

Тақырыбы: Қош келдің – Өз Наурыз

Тәрбиеші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен

Маңдайымнан сүйіп жатыр нұр көктем

Жарығымен, шуағымен Күн – Ана

Алып келдің жер бетіне нұр көктем!

Мадия: Осыншама жақсылық  
Алып келдің Наурызым  
Төрлет бізге нұр болып  
Шуак шашаып нұр жүзің!

Бексұлтан: Күттіріп келген жыл басы  
Бізбен бірге жырлашы  
Дастарханға елімнің  
Береке ырыс сыйлашы!

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз – қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұл күн мен түн теңелетін мереке. Сондықтан халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

Қазақ халқының күнтізбесі бойынша Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені көктемде жер дүние жасарып, жаңарады өмірге қайта келеді. Олай болса бүкіл тіршілік атаулыны жаңартып, жақсартқан Наурызға шын ниетпен «Қош келдің – Өз Наурыз» деп айтайық.

Тәрбиеші: Ұлыстың ұлы күні яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық биімеқнашқымыз келіп отыр.

Би: «Қамажай» Тулеу Еңілік

Тәрбиеші: балалар біз қандай мереке тойлатып жатырмыз?

Балалар: Наурыз мерекесін тойлатып жатырмыз!

Тәрбиеші: Келесі кезекте осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Асылжан: Наурыз достық,

Наурыз күн,

Барша халық бірлігі,

Тағы келді Ұлыс күн

Жалғасып ғалам тірлігі

Ақниет: Күн менен түн теңелді

Ерасыл: Арпа, бидай, тары бар  
Қаттық, малта, тағы бар.  
Ішілетін, жейтінін  
Бұл көжеде бәрі бар.

Анель: Наурыз айы келгенде  
Күн шуағы шашылып  
Жылгалардан су агып  
Ақ әжелер құлпырып  
Наурыз көже пісіріп  
Қонақтарға тартамыз.

Арслан: Наурыз келді құт болып  
Мына бізге сүт болып.  
Аққа ауымыз толады  
Бар жақсылық болады.

Нұрбақыт: Бата беріп атамыз  
Бата беріп әжеміз  
Тәтті болып жасаған  
Көжеден дәм татамыз

Қаракат: Наурыз тойы береке  
Наурыз тойы – жыр – аңыз  
Қызық думан мереке  
Қызық думан құрамыз.

Абай: Көктем келді балақай  
Жасарды жер алақай  
Наурыз тойын тойлайық  
Әсем әнге салайық.

Муслим: Ашылды да кебеже  
Дәм әзірлеу басталды,  
Әжем наурыз көжеге  
Жеті түрлі ас салды.

Жарайсыңдар балалар! Батамен ел көгере, жаңбырмен жер көгерер, - дегендей енді Наурызға арналған батамызды берейік.

Нұрканат: Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын  
Қайда барсаң, жол болсын  
Төрт түлік акты болсын,  
Ұлыс береке берсін,  
Бәле-жәле жерге енсін

Тәрбиеші: Жаңыртқан дәстүрімізді рахмет елім  
Тербетсін шаттық әні қазақ жерін  
Той бастаған қадамың құтты болсын  
Дәстүрлі тамыр алып, өркен жайсын  
Қош болыңыз наурызым ардақты  
Халқым саған бар үмітін жалғапты  
Жылда осылай келе берсін жарасып  
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын.  
Наурыз береке бірлік әкелсін.

Аңсар: Наурызым ғажап туысың,  
Ұлыстың ұлы күнісің  
Жылыттың жердің жүрегін  
Жүрегі елдің жылысын.

Нұртуған: Қыс өтіп, қар кетіп,  
Шырайлы жаз келді  
Шаруаның кенелген  
Мейрамы ежелден  
Құтты болсын – Наурыз.